




24-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ТЕЛЕВИЗИЯ, РАДИО ЖӘНЕ ЖАҢА МЕДИАҒА МӘТІН ЖАЗУ

Анимациялық фильмдер. Санмен
жұмыс – санамен жұмыс





I.

Армысыздар! Отандық журналистерге арналған американдық белгілі сценарист, режиссер Роберт Хиллиард мырзаның «Телевидение, радио мен жаңа медиа үшін мәтіндер жазу» атты кітабының негізіндегі дәрістерімізді одан әрі жалғастырамыз. Бұл жолы дәрісіміздің бірінші бөлігінің тақырыбы анимациялық фильмдерге сценарий жазу деп аталады. Одан әрі өзіміздің қазақ тілді журналистиканың сандарды жазу мен есептеу кезінде жаппай жіберетін қателеріне назар аудартатын боламыз.

Анимациялық фильмдерді тамашалау өте қызық болғанмен, оның жасалуы оңай емес. Бұған шығармашылық та, тапқырлық та, әр сәтін анықтайтын дәлдік те керек. Көрермендер арасында табысты өткен барлық анимациялық фильмдер әлбетте сценарийден басталады. Ол сюжеттің қандай тарихқа арналатыны, кейіпкерлердің кімдер немесе нелер болатыны, оқиғалар қандай жағдайда немесе қай жерде өтетіні анықталады.

Дәріске негіз болған сценарист, режиссер Роберт Хиллиард өзінің кітабында осылар туралы жан-жақты баяндаған. Біріншіден өзгеше, ерекше сюжет табылады. Табылғанда оны бір автор немесе ортақ талқылаудан кейін авторлар тобы ойлап табады. Анимацияның ғажап қасиеті ең санаға сыймайды деген сюжеттің өзін фильмге айналдыруға болатындығы. Тек көпке таныс, әбден жауыр болған тақырыпты қайта шиырлаудан сақтану керек. Айталық жігіттің алдымен гүл сатып алып кездесу үшін қызды күтіп тұруы әлмисақтан бері баршаға таныс көрініс. Одан анимация жасаудың қажеті шамалы. Ал бір бала киборг қызды күтіп тұрып, оның жүрегін өзіне бағындыру үшін динозаврмен айқаса кетсе, бұл даусыз анимациялық сюжет.

Мұндай фильмдердің бас кейіпкері өзгешеленіп тұрады. Оның көп қасиеттері басқаларға ұқсамайды. Ал фильм барысында осы бас кейіпкердің бұрын да басынан өткізген оқиғалары болғанынан хабардар етсе тіпті қатып кетеді.

Анимацияға бас кейіпкерді қиялыңыз қай тұсқа дейін шарықтайды, сол маңнан тауып әкелесіз. Айталық екі емес үш көзі бар адам дейсіз бе? Әлде батпақта өмір сүретін жартылай адам, жартылай мақұлық құбыжық па? Анимациялық фильмдерде адам немесе жануарлар ғана бас кейіпкер болып қоймайды. Үйдегі шкаф, қараңғыда қажет қолшам, жолда жүретін автокөлік, осының кез-келгені фильмнің өзегіне айнала береді. Оларды жүрізудің мен сөйлетудің еш қиындығы жоқ. Бұлардың достары мен қастары да өздеріне ұқсауы немесе мүлде ұқсамауы мүмкін. Оны да сценарист қаншалықты жерден ойлап әкелсе де анимациялық фильмге қиындықсыз қосылады.

Анимацияның тағы бір ерекшелігі оның кейіпкерлерін нақты емес сюрреалистік әлемге тоғыта береміз. Мұнда оқиғаларды жер планетасынан басқа тұсқа өткізгенде оған көрермендер қуанбаса өкінбейді. Мектептің тура ортасына ғарыштың қара құрдымы басталып кетсе де таң қалмаймыз.

Ең басты шарты негізгі қаһарман бірден таныстырғанда жатыр. Ол сценарий басталған сәттен пайда болуы тиіс. Және бірден монологқа немесе диалогқа кіріседі. Сол арқылы өзін жария етіп, мінезі мен мақсатын таныстырады.

Диалог жазғанда көше мен ауладағы жаттанды, күнделікті сан рет айтылатын сөздерді қолданбау керек. «Сәлем, халың қалай» немесе «қалайсың» немесе «бүгін күн жақсы екен» деген сияқты штамптар анимациялық фильмге құлақ түргізе алмайды.

Бұдан кейінгісі жанжалды жағдайды табу. Сөйтіп әлгі бас кейіпкер әлдебір күреске түссін. Алдында мақсаты бар, бірақ оған жету жолында кедергі мен қиындық кездеседі. Әлбетте бұл үшін екінші кейіпкерді ойлап табасыз. Екеуі қарсылас болмақшы.

Ендігі сценарийге деталдер қосуда жатыр. Бұл анимациялық фильмді басқаларға ұқсамас өзгеше етеді. Әрі көрермендердің ықыласын оятып, оларға тартымды туынды шығады.

Кейіпкерлермен қатар олардың айналасында заттар да маңызды. Мұнда артық нәрселер болмауы керек. Кейіпкердің жанында, артында тұрғанның бәрі фильм барысында әлдебір кәдеге жрайды. Демек кейіпкер көріп тұратын нәрселер ғана фильмге енгені дұрыс.

Роберт Хиллиард мырзаның пікірінше анимациялық фильмнің сценариінде кейіпкерлерді қоршаған орта жан-жақты жазылуы керек. Бұл орайда ол көркем фильм сценарийіне қарағанда күрделі болып шығады. Өйткені кейіпкерді өзі ғана емес оның жүрген, тұрған ортасын суретшілер тек сценарийге қарап салып отырады.

Кейінгі уақытта кино компаниялар ғана емес, түрлі ірі компаниялар мен брендтер анимациялық фильмді қолға ала бастады. Мұның өзі оның өміршең екенін аңғартады. Осымен біз американдық әріптесіміздің дәрісін баяндап болып, енді өз ойымызға көшеміз. Қазақ тілді ақпарат құралдарында сандарды жазуда



кандай қателерден сақ болуымыз керек?

II.

Қазақ тілді журналистерге арналған дәрісіміздің ең соңына қарай сан, яғни цифр пайдалану кезінде сақ болуды ескертейік. Бұл – іні-қарындастарымыздың жиі сүрініп, қателесіп жататын жерінің бірі.

Қандай тілші болса да мақала мен сценарий жазғанда цифрды пайдалануға мәжбүр. Қажетті мәліметтердің бәрі осылай келеді. Елдегі экономиканың дамуы мен әлеуметтік ахуал цифр арқылы баяндалады. Жетістіктер де, кемшіліктер де цифрмен көрсетіледі. Тіпті саясаттың өзінде әрқилы сандар міндетті түрде кездеседі. Сайлауда қай партия қанша дауыс алды? Әскери салаға қай ел қанша мөлшерде қаржы бөліп отыр? Осындай сұрақтарға жауап берілмесе бәрі түсініксіз болып қалар еді. Телевизия мен радио жаңалықтарының ең соңынан берілетін спортыңыздың өзі қып-қызыл цифр емес пе. Қай ойыншы қандай орынға шықты? Қай команда қанша доп соқты? Ойынның есебі қалай аяқталды? Чемпионатта пәлен команда нешінші орында келеді? Спорттан кейін телеарнадағы жаңалықтар блогы ертеңгі күнге ауа райы болжамын айтады. Мұнда да қаптаған сандар. Қай қалада қанша градус жылы немесе суық? Желдің екпіні секундына қанша метр? Қанша мөлшерде жауын-шашын болады? Ауаның қысымы сынап бағанасы бойынша қай деңгейде тұрады? Демек, журналистің цифрсыз күні жоқ. Ендеше оны қыр-сыры мен қалтарыс тұстарын жете меңгеріп алу керек.

Алайда қазақ тілді бұқаралық ақпарат құралдарын бажайлап қарасақ, көптеген қатені байқаймыз. Тіпті, сауатты жазып, сөз бен сөйлемде қате жібермейтін белгілі журналистердің өзі санды қолданған кезде сан соғып жүр.

Тұтас мақалаларды талдамастан бұрын белгілі журналистердің эфирдегі бағдарламалары мен газеттегі мақалаларынан табылған мысалдар арқылы олардың санды жазу мен айтуда кеткен кемшіліктерін тізіп өтелік. Эфирдегі сараптама бағдарламасында телевизия шолушысы: «Елімізде сталиндік қуғын-сүргін барысында 25 мыңнан астам зиялы қауым жазаланды» деді. Дұрыс емес. Өйткені, бізде зиялы қауым – біреу, ал 25 мың – соның өкілі. Мына мәтінге қарағанда бізде зиялы қауым, яғни қоғамдық қатпар өте көп, солардың 25 мыңы жазаланған болып тұр. Ең беделді қазақ тілді басылымнан «еліміздегі әзірбайжан диаспорасының саны 130 мыңнан асады» дегенді оқыдық. Бұл да әлгі қатені қайталап тұр. Анығында, біздегі әзірбайжан диаспорасы біреу ғана. Ал ұлты әзірбайжан тұрғындардың саны 130 мыңнан асады.

Енді бір басылым «100 пайыз Астана тұрғындары күннің жылынғанына қуанып жүр» деп жазыпты. Бұл да қате. Дұрысы «Астана тұрғындарының 100 пайызы күннің жылынғанына қуанып жүр» болуы керек. Телеарнаның жаңалықтарындағы сюжетте «автобус жүргізушісінің киімі 18 мыңнан бастап, 22 мың теңгені құрайды» деді. Тағы да цифрға жауапсыз қарау байқалады. Дұрысы «18 мың мен 22 мың теңге аралығында». Эфирден республиканың ауыл шаруашылығына қатысты бағдарламада белгілі маман «Оның төрт те екі миллион гектары бидай» деді. Сұхбат алып отырған телеарна тізгіншісі мұны түзеп айту керектігін ескермеді. Түзегенде «Оның төрт бүтін оннан екі миллион гектары бидай» болар еді.

Тағы бірде газеттен: «Қалада бір түнде 3500 мың шаршы метрден астам қар шығарылды» дегенді оқыдық. Журналистер цифр артына жалғанатын шаршы мен текше сөздерін ажырата білмейді. Аумақ шаршымен, ал көлем текшемен өлшенеді. Қазіргі технология тілімен, 2D шаршы да, 3D текше болады. Міне, цифрға қатысты осындай ұсақ әттеген-айлар күнделікті кетіп жатыр.

Мемлекетке қарайтын үлкен ақпарат агенттігінің бір күнгі жаңалықтар топтамасынан «60-қа жуық топ-менеджерлер», «50-ден астам компаниялар», «18 арналар» деген тіркестерді кездестірдік. Нақты саны көрсетілген зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды ғой. Осыны да ескертуге тура келеді.

Ал енді газеттің бір нөміріне шыққан екі мақаладағы цифрға салғырт қарауды талдаймыз. Бірі Ресейдегі «Боярышник», яғни долана тұнбасын ішіп, мерт болғандар жайында, екіншісі еліміздегі әйелдер денсаулығына арналған көрінеді. Мысалдар нені аңғартады?

Біріншіден, сандарды жазғанда оқырманды мүлде сауатсыз санамау керек. Газеттен: «Күн сайын елімізде 1000-нан аса бала өмірге келеді екен. Бір жыл ішінде бұл көрсеткіш 400 мыңнан асып жығылады». Мысалдың соңы. Екі сөйлемнің орнына «Жыл сайын елімізде 400 мыңнан аса бала өмірге келеді» десе болады. Оқырман 400 мыңды 365-ке бөлу арқылы бір күнде қанша бала өмірге келерін өзі-ақ есептеп алар еді. Егер оны қажет деп тапса. Жылдық көрсеткіш айтылатын болған соң оны әрбір күнге шағып көрсетудің қажеті шамалы. Талқыланған мақалада тағы осындай бір мысал тұр: «Қазақстанда жүкті әйелдердің 20 пайызының ғана денсаулығы жақсы, яғни 80 пайызының денсаулығында түрлі ақау бар». Құрмалас сөйлемнің бір бөлігі артық. Әйелдердің «80 пайызының денсаулығында түрлі ақау бар» болса,



қанша бөлігінің дені сау екенін анықтауға бастауыш мектепті бітіргеннің бәрі қабілетті. Және айта кетелік, «денсаулығында түрлі ақау бар» дегеннің өзі – ақаулы тіркес. «Ақау» деген сөзді техникаға, затқа қатысты жазған жөн.

Екінші ортақ кемшілік: «пайыз» ұғымын орнымен қолданбау. Өлгі газеттен: «Мәселен, 47, 4 пайыз қыздардың асқазан-ішек жолдары сырқаттанса, несеп, зәр жүйесі аурулары мазалайтын қыздар қатары 30, 8 пайызды құрап отыр. Ал жас қыздарымыздың 12, 5 пайызы эндокриндік жүйе дертіне шалдыққан екен.» Журналистердің ең көп қателесетін тұсы көрініп тұр. Ешқашан «47, 4 пайыз қыздардың» дегендей түсініксіз тіркес құруға болмайды. Оның дұрысы: «қыздардың 47, 4 пайызының». Бірінші сөйлемдегі «қыздар қатары 30, 8 пайызды құрап отыр» деген тіркес те өте олақ қолдан шыққан. Келесі сөйлемді «Ал жас қыздарымыздың» деп бастау бұған дейін әңгіме тек «кәрі қыздар» туралы болғандай әсер етеді. Өр сөзді жазғанда абайлау керек. Зер салғанда «эндокриндік жүйе дертіне» деп жазу да – қате. Бұған қарағанда эндокриндік жүйе дерттің, аурудың түрі сияқты. Анығында «эндокриндік жүйенің дерті» болуы керек. Бұлар – енді, санға қатысты емес, көзге ұрып тұрған соң көрсетуге тура келген жол-жөнекей ескертулер. Пайыз ұғымын дұрыс қолданбау келесі мақаладан да көрініс табады. Оған сәлден соң жетерміз.

Үшінші байқалатын жәйт тілшілердің сандарды ретсіз көп тықпалауы. Жаңағы газеттен: «Елімізде 1991 мен 2000 жылға дейінгі аралықта тірі туған 1000 балаға шаққандағы сәбилер өлімі 1991-1995 жылдары тым жоғары деңгейде болып, содан кейінгі жылдарда біртіндеп төмендей бастады.» Бастапқыда автордың не айтқысы келгенін аңғару қиынға соқты. Кәдімгі ребус шешкендей киналдык. Тек, сөйлемнен «1991 мен 2000 жылға дейінгі аралықта» деген тіркесті киналмай қысқартып тастағанда бәрі түсінікті болды. Және бір жол-жөнекей: бұл тұста «сәбилер өлімі» деп жазған автор біраздан соң «Жаңа туған сәбилер ең көп қайтыс болатын ел – Үндістан» дейді. Қазақ сәби өмірден өтсе, «шетінеді» деген. «Қайтыс болды» деп жасы келу мен аурудан өлгендерді айтады. Ал Шахан кентіндегі тұрғын үй құлауынан немесе «Астана – Бурабай» тас жолындағы көлік апатынан, Ақтөбедегі қарақшылық әрекеттерден адам «қайтыс болмайды», «қаза табады». Иә, апаттан, тосын жағдайлардан көз жұмғандарды қазақ «қаза тапты» деген. Бұл да – сөз арасындағы бір ескерту.

Енді екінші мақаладағы санға қатысты олқылықтарды көрсетейік. Сол газеттен: «Ресми статистика Ресейдегі 3 ер адамның біреуі және 15 пайыз әйелдер қауымы маскүнем екенін көрсетеді. Егер мұны сандарға айналдырсақ, маскүнемдіктен жылына 500 000 адамдай қайтыс болады. Ресейлік дәрігерлер маскүнемдікке салыну тура немесе жанама түрде өлімге әкеліп соғатынын айтып, дабыл қағуда. Оның ішінде 62, 1 % өзіне-өзі қол салу, 72, 2 % адам өлтіру, 60 % бауыр мен іш-құрылыстың зақымдануы, 67, 7 % цирроз, 23, 3 % жүрек пен қан тамырларының ауруы. Жыл сайын елде 40 мыңнан астам сапасыз алкогольді ішімдіктермен улану жағдайы тіркеледі.»

Мұнда тағы сол қателік – «пайыз» сөзінің өз орнында тұрмауы: «15 пайыз әйелдер қауымы маскүнем» емес, «әйелдер қауымының 15 пайызы маскүнем». Жалпы бірінші сөйлем дұрыс құрылмаған, бізге салса мына екі нұсқаның бірін жазар едік: «Ресми статистика Ресейдегі 3 ер адамның және 6 әйелдің біреуі маскүнем екенін көрсетеді.» немесе «Ресми статистика Ресейдегі ер адамдардың 35 пайызы және әйелдер қауымының 15 пайызы маскүнем екенін көрсетеді.»

Журналистердің ортақ кемшілігінің бірі: санға дұрыс жалғау жалғамау. Оның мысалы екінші сөйлемде: «Егер мұны сандарға айналдырсақ, маскүнемдіктен жылына 500 000 адамдай қайтыс болады.» Дұрысы «жылына 500 мыңдай адам қайтыс болады». Осы сөйлемде «егер мұны сандарға айналдырсақ» деу мүлде қисынсыз. Өйткені, бірінші сөйлемнің өзі «3 ер адамның біреуі және 15 пайыз әйелдер қауымы» деген кілең сандардан тұрады. Сонда тілшінің «санды санға айналдыруы» сиқыр сияқты болып шығады.

Ешқандай саны жоқ үшінші сөйлем: «Ресейлік дәрігерлер маскүнемдікке салыну тура немесе жанама түрде өлімге әкеліп соғатынын айтып, дабыл қағуда.» Бәрі дұрыс жазылған сияқты. Бірақ, өлімнің хактығын ескергенде, оған тура және жанама жолдар болмас, демек осындағы «өлімге» сөзін «ажалға» деп ауыстырғанда, автордың айтпағы түсінікті, тіпті айшықты шығар еді.

Журналистерміз көп ретте пайызды дұрыс есептемейді. Бұған мысалды төртінші сөйлемнен таптық. «Оның ішінде 62, 1 % өзіне-өзі қол салу, 72, 2 % адам өлтіру, 60 % бауыр мен іш-құрылыстың зақымдануы, 67, 7 % цирроз, 23, 3 % жүрек пен қан тамырларының ауруы.» Қай нәрсені болсын пайызға шаққанда, мида алдымен «жүз» саны тұрады. Осыны пәленбай бөлшекке бөліп беру керек. «Оның ішінде» деп басталған сөйлем оқырманның ойын бірден «100 пайызды» қабылдауға дайындайды. Енді қосып көрелік: 62, 1 + 72, 2 + 60 + 67, 7 + 23, 3. Бәрін қосқанда шығатын 100 пайыз қайда, біздің авторымыз қайда қуып кетті? Хош, бұл жағы түсінікті болса, енді мағыналық қателіктерге назар аудартайық. Мәтін бойынша өлгендердің ішінде «62, 1 % өзіне-өзі қол салса, 72, 2 % адам өлтіреді». Не түсіндіңіз? Мұны жөндегенде:



«62, 1 % өзіне-өзі қол салса», «72, 2 % кісі қолынан өледі». Солай. Өздері өліп жатып адам өлтірмейді, керісінше адам қолынан өледі. Тағы бір түсініксіз тіркесті байқап қалдық: «60 % бауыр мен іш-құрылыстың зақымдануы, 67, 7 % цирроз». Медицинадан хабары бар адам бауыр ауруы мен цирроздың бір ұғым екенін аңғармақ. Бұл да – жазу ісінде екі шоқып бір қарау керектігін көрсетеді. Бір дәрісімізде журналист әртүрлі мамандықтар мен салалардан хабардар болуы керек дегенбіз. Медицина соның ішінде маңыздысы, әрі тақырыпта жиі кездесетіні ғой.

Сосын байқағанымыз көп мақала мен сценарийлерде цифр сөйлемдегі өз орнында тұрмайды. Бұған соңғы, бесінші сөйлемде анық мысал бар: «Жыл сайын елде 40 мыңнан астам сапасыз алкогольді ішімдіктермен улану жағдайы тіркеледі.» Иә, былайынша түсінікті. Ал осы сөйлемді орысша, тіпті немісше, жапонша, түрікше, әйтпесе ешкім білмейтін тек автор өзі ойлап тапқан бір тілге аударсыншы. Не шықты? «40 мыңнан астам сапасыз алкогольді ішімдік» болып шықты. Ал, тілшінің айтпағы – сапасыз ішімдіктердің саны емес, улану оқиғаларының саны емес пе? Демек, «40 мыңнан астам» деген санның өз орнында тұрмауы бәрін бүлдіріпті. Бұл сөйлемнің дұрысы: «Жыл сайын елде сапасыз алкогольді ішімдіктермен уланудың 40 мыңнан астам жағдайы тіркеледі.» Бір де бір сөз қоспадық та алмадық, тек оларды өз орындары қойып бердік.

Тағы бір көпшілік оқитын газеттен: «Алматыда автомашиналар ауаға 80 пайыз зиянды қалдық бөледі» деген тақырып оқыдық. Тақырыпты тұтас сөйлем етіп қоюдың шеберлікке жатпасын айттық. Ал сөйлемге терең мән берсеңіз, не болады? Алматыда жүрген автомашиналардан ауаға тарайтын қалдықтың 80 пайызы зиянды болса, онда қалған 20 пайызы зиянсыз көрінеді. Сөйлемге қарасаңыз тура солай. Автордың айтпағы басқа – Алматыда ауаға тарайтын зиянды қалдықтардың 80 пайызы автомашиналардан шығады.

Енді тақырып болған соң шұбатылған сөйлемді ширатып, жұмырлайық. «Алматының ауасындағы зиянды қалдықтардың 80 пайызы автомашиналардан». Сонда ұғынықты, санаға сіңімді болмақ.

2019 жылы көктемде бір телеарнадан мына мәтінді тыңдадық: «16-17 наурыз аралығында Жайық өзенінен 5,8 тонна өлген балық жиналды. Жайық өзенінен жиналған өлі балықтар саны 19,2 тоннаға жетті. Осы уақытта дейін Жайықта өлген балықтар саны 123,2 тоннаны құрады». Осы шағын мәтіннен нені байқадыңыздар? Сан ешқашан тоннамен өлшенбейді. Салмақ тоннамен өлшенеді. Ендеше «балықтың салмағы 19, 2 тоннаға жетті» деп жазған жөн еді. Сосын сөз «өлген балық» емес, «қырылған балық» жайында. Өлген балық біреу болуы мүмкін. Ал қырылған балық мыңдармен саналады. Мұны да ескеру керек. Үшіншіден «балық» сөзіне көптік жалғау жалғамаса да болады. Төртіншіден үш сөйлемде қатарынан өзен аты тұр. Соның екеуін қыстартып тастаса да ештеңе етпес еді. Әсілі, шағын мақалада географиялық нүктені бір рет жазып кеткен жеткілікті.

Ендігі айтпағымыз спортқа қатысты айтылған ақпарат еді. Бұл орайда саннан шалыс басу жиі байқалады. Радиодан құлағымыз шалды. Жаңалықтардың соңынан спорттағы оқиғалар айтылатыны белгілі. Тыңдап келеміз. Біздің «пәленбай» деген спортшымыз «Азиаданың» бір жарысында екінші орынға шығыпты. Бірінші орын ойын өтіп жатқан жапон елінің өкілінде. Осыны хабарлаған жаңалықтар дикторы «үздік үштікті Оңтүстік Кореяның спортшысы иемденді» деп соғып қалды. Айтайын дегені: «үздік үштікке Оңтүстік Кореяның спортшысы қосылды». «Иемденді» деген сөзі оңды-солды қолдана берудің аяғы осыған жеткізіп тынды. Күнделікті эфирде жиі қайталанатын «пәленінші орынды иемденді» дегеннің өзі қисынды емес. Затты, мүлікті иемденеді. Ал «орынға» шығады, көтеріледі, «орында» тұрады.

Спортқа қатысты комментарийлердің бірінен мынаны естідік: «Аргентиналық Хуан Мартин Дель Потродан ұтылған Джокович олимпиада чемпионы атағын тағы төрт жыл кешеуілдетіп алды». Сонда Джокович төрт жыл кешетіп барып барып олимпиада чемпионы атанды ма? Мәтінге қарағанда тура осылай сияқты. Іс жүзінде аргентиналық қарсыласынан ұтылып қалған бұл спортшы тағы төрт жыл олимпиада чемпионы атанудан үміттен алмайды. Міне спорт тақырыбында тілшілердің жауапсыз сөйлеуі жиі кездеседі әрі айтқан ақпараттарын мүлде түсініксіз етіп жібереді.

Тағы бір газетінен оқыдық: «Қазір менің қарамағымда бес мың аналық ірі қара, үш мың бұқа, үш мыңдай жылқы тіркелген. Бәрі асыл тұқымды болғандықтан, сатып алушы оны құжаттарымен қоса қабылдайды.» Мәтіннің соңы.

Біздіңше: «Ана» – аяулы сөз. Қазақ оны ешқашан малға қатысты қолданбаған. Бұл жасанды тіркес халқымыз Орталыққа тәуелді болған заманда «овцематка» деген сөзін тікелей аударудан пайда болды. Ол кезде зоотехник, мал дәрігерінің бәрі жоғары білімді орыс тілінде алды. «Овцематканың» қазақшасы «саулық» екенін біле тұра солай сөйледі. Сосын бір «данышпан» оны аналық қой деп аударып жіберді. Кетті. Енді сиырыңыз «аналық ірі қара» атанды. Өйткені, «крупный рогатый скот» тіркесін тағы бір тырнақша ішіндегі «тіл жанашыры» «мүйізді ірі қара» деп жазған ғой. «Ірі қара» тіркесі жүре берсін, бірақ



Кітап: Телевизия, радио және жаңа медиаға мәтін жазу
Дәріс: Анимациялық фильмдер. Санмен жұмыс – санамен жұмыс
Дәріс авторы: Қайнар Олжаев

оған «ана» сөзін араластырып, асыл ұғымды қорлауға болмас!

Осы мысалдағы цифрға толы бірінші сөйлемді көңілді қонымды етіп редакциялау керек. Мына қалпында «түйеден түскендей». Дұрысы: «Қазір менің қарамағымда бес мың сиыр, үш мың бұқа, үш мыңдай жылқы бар.» Немесе: «Қазір менің қарамағымда бес мың сиыр, үш мың бұқа, үш мыңдай жылқы тіркелген». Екінші сөйлем де олпы-солпы. Байқасаңыздар түбірдегі «сатып алу» мен «қабылдау» – екі етістік бір-біріне мүйіздерін едірейтіп тұр.

Белгілі адамның туған күні мен мерейтойына қатысты цифрда үйреншікті қате үнемі түзелмей келеді. Танымал бауырымыз радиодағы тікелей эфирде қонақта отырып былай деді: «Геолог, ғалым Шахмардан Есенов атамыз 90-ға келіпті! Ол кісі туралы кейін тағы жазармын.»

Біз былай дейміз: 1994 жылы 67 жасында қайтыс болған Шахмардан Есенов ешқашан 90-ға келмейді де, толмайды да. Адам өмірден қанша жасында өтті, оған енді жас қосып санамайды. Одан кейінгісін «туғанына пәлен жыл болды, яки толды» деп айтады. Бұл жерде «геолог, ғалым Шахмардан Есенов атамыздың туғанына 90 жыл болыпты!» деген жөн. «Ол кісі туралы кейін тағы жазғанда» осыны ескерерсіздер!

Бір сайттағы материалдың тақырыбы мынадай: «Солтүстік Қазақстанда әскери тізімге алынатындардың 30 пайызы дімкәс болып шықты.» Ішіндегі мәтіні мынадай: «Бүгін комиссиядан өтуге келген 50 шақты бозбаланың кем дегенде 20-сы дімкәс болып шығады», - дейді мамандар. Көбі денсаулығын күтпеген, ата-аналары немқұрайлы қараған.»

Біздің есептеуімізше, 50 бозбаланың 20-сы дімкәс болып шықса, онда пайызға шаққанда 30 емес, 40 болуы тиіс. 50 санының соңында «шақты», яғни «жетер-жетпес» ұғымы тұрғанын, ал 20 санының алдында «кем дегенде», яғни «одан да көптеу» ұғымы барын ескерсек, пайызымыз 40-тан асып кетпек. Бұдан шығатын қорытынды – журналистерге қарапайым есепті білген артық емес.

Енді тыныс белгілеріне жеке мақала арнамай, осы дәріске қоса кетелік. Оны белгілі арнаның эфирінде жүрген аты-шулы бағдарламаны талдаған мақаладан көрдік. Алдымен үзіндісімен танысалық:

«...Қалаулымның идеясы жақсы деп ойлаймын.Отбасын құру өзекті мәселелердің бірі ғой.Бірақ форматын өзгерту керек сияқты.Қанша жерден шынайы дегенмен,эфирдегі боктық пен ұрыс,негативке толы критика,пиар,төбелес,өсек,шамадан асып кеткені көрініп тұр.Бұл көрерменге деген құрметсіздік. Этика,эстетиканы қозғамай-ақ қояйын.» Үзінді осы.

Үлкен мәселеге бойламас бұрын «критика» сөзі қазақта ежелден «сын» екенін еске саламыз. Ұлы Мұхаң «Сын – шын болсын, шын – сын болсын» деп мақалдатып кеткен. «Негативті» бұл тұста «келеңсіз» деуге боларын автордың өзі жазғандай «қозғамай-ақ қояйын». Сосын қазақта «құрметсіздік» деген сөз жоқ! «Құрмет» бар, ол – түбір сөз. Одан туындаған «құрметті» бар. Бұл өзі терең тілдік құбылыс. Айталық, «сүйкімді» сөзінің бір түбірден шыққан антонимі бар – «сүйкімсіз». «Қасиет» сөзінен де бір-біріне қарсы екі ұғым жасалған: «қасиетті» және «қасиетсіз». Бірақ, «құрметті» сөзінің антонимін басқа түбірлер арқылы іздеген ләзім. Бұл жерде автор: «Бұл –көрерменді құрметтемеу» дей салса жөн еді.

Мұның бәрі – жол-жөнекей редакциялай кету. Бұл жолғы басты көздегеніміз – тыныс белгілері. Мына жазба тыныс белгісінен жұрдай екен. Соны орны-орнына қою арқылы бір дәріс бере кеткенді жөн көрдік.

Біріншіден: мәтінді жазғанда, тергенде дефистен басқа кез-келген тыныс белгісінен соң бір бос орын қалады. Иә, мына сөйлемдегі нүктелерден кейін бір-бір бос орын тұруы керек. Сол сияқты үтірлерден кейін де бір бос орын қалдырылмаған екен. Екіншіден: «Қалаулым» бағдарлама аты болғандықтан тырнақшаға алынады. Үшіншіден: «Отбасын құру өзекті мәселелердің бірі ғой» деген сөйлемде «құру» сөзінен кейін сызықша қойылады. Себебі, мұнда етістік зат есім болып тұр. Төртіншіден: «бірақ» сөзінен кейін үтір қоямыз. Кейбір ғалымдар енді «бірақ», «алайда», «өйткені» сияқты сөздерден кейін үтір қоймау керек деп те жүр. Әзірге жаңа емле шыққанша ескі емле бойынша бұл сөздерден соң үтір қойған дұрыс. Бесіншіден: «Бұл көрерменге деген құрметсіздік.» деген сөйлемде «бұл» сөзінен кейін де сызықша қойылады. Алтыншыдан: «өсек» сөзі мен «шамадан тыс» тіркесінің арасындағы үтір артық қойылған.

Біз де сын мақаланың авторы сияқты «этика мен эстетиканы қозғамай-ақ» осымен тоқталық.

Жиырма төртінші сабақты пысықтау:

Нақты цифры алдында тұрған сөздерге көптік жалғауы жалғанбайды
Журналистер пайызға шаққанды дәл есептей білуі керек
Цифрларды орынсыз тықпалау оқырмандарды шаршатады
Спорттық жарыстардан репортаж жүргізгенде сандарға сақ қарау керек